ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ
(қысқаша)

2024 жылғы 14 тамыз № 5501-24-00-2/2177 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.О.Алишева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Аққулы ауданының Қарақала ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"ARSEN2020" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Аққулы ауданының Қарақала ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жауапкер "ARSEN2020" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алушыны жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

"ARSEN2020" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"ARSEN2020" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбын 92 655, 84 (тоқсан екі мың алты жүз елу бес) теңге (сексен төрт) тиын көлемінде және мемлекеттік бажды 4 625,67 (төрт

мың алты жүз жиырма бес) теңге (алпыс жеті) тиын, барлығы 97 281,51 (тоқсан жеті мың екі жүз сексен бір) теңге (алпыс жеті) тиын өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ж.О.Алишева**

Көшірме дұрыс
Судья Ж.О.Алишева

Анықтама: шешім 2024 жылы 23 қыркүйекте заң күшіне енді.
Судья Ж.О.Алишева

Құжатқа қол қойылған: Алишева Ж. О., 14.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 23.09.2024 Судья Алишева Ж. О. 23.09.2024
5501-24-3-1/2359